



KAZATOM PROM
NATIONAL ATOMIC COMPANY

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ 2018 жылы мемлекеттердің пайдасына жасалған төлемдері бойынша есеп

1. Кіріспе

Осы есеп «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (Қоғам) сонымен бірге еншілес компаниялары 2018 жылы мемлекеттерге жасалған төлемдерінің жалпы шолуы болып табылады және мемлекеттердің пайдасына төлемдер бойынша есептер туралы Ұлыбританияның 2014 жылғы (2015 жылғы қыркүйекте енгізілген өзгерістермен) Қағидаларына сәйкес әзірленген. Бұл Қағидалар өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2013 жылғы Есептілік туралы директиваның «Мемлекеттердің пайдасына төлемдер бойынша есептер туралы» Актісінің 10-бөлімінің ережелеріне негізделген. Бұл Ережелерге сәйкес, мемлекеттердің пайдасына төлемдер туралы ақпаратты Ұлыбританияда тіркелген мұнай, газ, тау-кен өндіру және ағаш дайындау компаниялары жыл сайын елдер және жобалар бойынша ашып көрсетуі тиіс.

Ақпаратты ашып көрсету бойынша міндеттеме ЕО еліне сәйкес анықталады, онда эмитенттің акциялары бастапқыда қоғамға ұсынылады немесе эмитент оның бағалы қағаздарын реттелетін нарықта саудалауға қабылдағаны үшін алғашқы өтініш берген. Бұл қағида Ұлыбританиядағы қаржы институттарының қызметін бақылау инспекциясының ережелеріне сәйкес бағалы қағаздары Лондон қор биржасында сатылатын тау-кен компаниясы ретінде қолданылады.

2. Жалпы мәліметтер

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ 1997 жылы құрылған. Уранды және оның қосылыстарын, АЭС үшін ядролық отын, арнайы жабдықтар мен технологиялар экспорттау және импорттау бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық операторы мәртебесіне ие және әлемдегі аса ірі ресурстық базалардың біріне басымдықпен қолжетімділігі бар әлемдегі аса ірі табиғи уран өндіруші болып табылады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметінің негізгі түрі уран өндіру және уран өнімдерін өткізу болып табылады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ уран өндіруді тек Қазақстан Республикасының аумағында ғана жүргізеді.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ-на «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ының орналастырылған акцияларының 85,08%-ы тиесілі, 14,92% «Астана» Халықаралық биржасында және Лондон қор биржасында еркін айналымда.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ оның қызметі табиғи ресурстарды пайдаланумен тікелей байланысты екендігін сезіне отырып, бұл ресурстарды рационалды пайдалану және қолайлы қоршаған ортаны сақтау үшін өзінің қоғам алдындағы жауапкершілігін мойындайды.

3. Есеп беретін компаниялар

Осы есепке Қоғамның және оның «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тобына кіретін еншілес кәсіпорындарының жер қойнауын пайдаланумен тікелей немесе жанама

түрде байланысты қызметтер үшін мемлекеттердің пайдасына жасаған аударымдары туралы ақпарат кіреді.

4. Есептік кезең және есептің шекаралары

Қоғам мемлекеттер пайдасына 2018 жыл ішіндегі аударымдар бойынша бірінші есепті қолданылатын заңнамаға және ақпаратты ашып көрсетудің ең үздік тәжірибелеріне сәйкес дайындады. Есептің шеңберінде Қоғамның және оның уран өндіруді және өңдеуді жүзеге асыратын еншілес ұйымдарының қызметі қарастырылады.

Есептілік жүйесін пайдалану мемлекеттердің пайдасына аударымдар бойынша ақпаратты көрсетуге мүмкіндік береді және мемлекеттерге төлемдер облысындағы Қоғамның мөлдірлігін жоғарылатуға, уран өндіруден кірістер сұрақтары бойынша өндіруші компаниялардың жауапкершілігін күшейтуге бағытталған.

Есептің кезеңі 2018 жылдың 01 қаңтарынан 31 желтоқсанға дейін болып табылады.

5. Үкімет/мемлекет

Үкімет/мемлекетке жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің органдары, сонымен қатар өзге мемлекеттік органдар кіреді.

6. Компаниялар

Осы есепте ақшалай аударымдары бойынша деректері келтірілген компаниялар деп Қазақстан аумағында қызмет атқаратын мынадай ұйымдар түсініледі:

1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ
2. «Инкай» БК» ЖШС
3. «Қаратау» ЖШС
4. «Ақбастау» БК» АҚ
5. «Орталық» ӨК» ЖШС
6. «Аппақ» ЖШС
7. «Казатомпром-Sauran» ЖШС
8. «РУ-6» ЖШС

7. Мемлекеттердің пайдасына аударымдар.

Осы есеп Қазақстанның бюджетіне 2018 жыл ішінде төленген салықтар мен төлемдер сомаларының негізінде, миллион теңгемен беріліп жасалған. Ақпарат мынадай төлем түрлері бойынша бөлініп көрсетілген:

Корпоративтік табыс салығы (КТС).

Резидент еместерден ұсталған корпоративтік табыс салығынан басқа корпоративтік табыс салығы.

Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС).

Пайдалы қазбаларды өндіру салығы жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін минералды шикізаттар әрбір түрі бойынша бөлек жасалатын міндетті төлемі болып табылады.

Бонустар - коммерциялық табылым бонусы, қол қойылатын бонус.

Коммерциялық табылым бонусын жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбалар өндіру және (немесе) бірлескен барлау және өндіру келісімшарттарының шеңберінде пайдалы қазбалардың келісімшарттық аумақтағы әрбір коммерциялық табылымы үшін, соның ішінде кен орындарын қосымша барлауды жүргізу барысындағы табылым үшін төлейді.

Бұл төлем жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың және салық кодексінің өзгерістері шеңберінде 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған.

Қол қойылатын бонусты жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға жаңа құқықты алған сайын және пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе бірлесіп барлауға, өндіруге келісімшарт жасасқан сайын, сонымен қатар келісімшарттық аумақты кеңейткен кезде төлейді.

Үстеме пайда салығы (ҮПС).

Үстеме пайда салығы жер қойнауын пайдаланушы салық төлеуші болып табылатын жер қойнауын пайдалану келісімшартының әрбіреуі бойынша салықтық кезең үшін есептеледі.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап, салық заңнамасының өзгеруіне байланысты, ҮПС көмірсутегі шикізатын өндіруге арналған келісімшарттар үшін жарамды және, тиісінше, уран өндіру келісімшарттарынан шығарылды. ҮПС төлемдері 2017 жылға 2018 жылы жасалған төлемдер болып табылады.

Инфрақұрылымды жақсартуға төлемдер

Инфрақұрылымды жетілдіру үшін төлем жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттарда көзделгендей, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмсалатын шығыстарды білдіреді (оның ішінде жергілікті атқарушы органдардың пайдасына төлемдер).

Өзге

Басқа салықтар тарихи шығындар, әлеуметтік салық, жылжымайтын мүлік, жер және көлік салығын қамтиды, сондай-ақ пайдаға әсер етпейтін қосылған құн салығы мен акциздер кірмейді.

8. Валюта

Есеп функционалдық валюта болып табылатын қазақстандық теңгемен («теңге») берілген. Шетелдік валютамен атқарылған операциялар бастапқыда операция күні қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада есепке алынады. Шетелдік валютада берілген ақшалай активтер мен міндеттемелер функционалдық валютаның есепті күні қолданылатын бағамы бойынша қайта есептеледі.

9. Байланыс деректері

Бұл есеп корпоративтік веб-сайтта орналастырылған: www.kazatomprom.kz.

Осы есепте берілген ақпаратпен байланысты сұрақтарды мына мекенжай бойынша жолдауға болады: Z05T1X3, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Е-10 көшесі, 17/12 кеңсе, Комплаенс қызметі.

Тел. +7 7172 45 83 33 ішкі нөмір. 10194

Email: ssarbassov@kazatomprom.kz

1. Елдер бойынша 2018 жылғы есеп (млн. теңгемен берілген)

Үкімет (ел):	Төлем түрі						Өзге	Барлығы
	КТС	ПҚӨС	Бонустар	ҮПС	Инфрақұрылымды жақсартуға төлемдер			
Қазақстан	30,652	17,994	153	5,597	939	4,937	60,272	

2. Мемлекетке жасалған төлемдер бойынша 2018 жылғы есеп (млн. теңгемен берілген)

Мемлекеттік	Төлем түрі						Өзге	Барлығы
	КТС	ПҚӨС	Бонустар	ҮПС	Инфрақұрылымды жақсартуға төлемдер			
Үкімет (әкімдіктерді қоса): ¹						939	939	
Мемлекеттік кірістер департаменті	30,652	17,994	153	5,597		4,937	59,333	
БАРЛЫҒЫ	30,652	17,994	153	5,597	939	4,937	60,272	

¹ 2018 жылы IPO-ға шығу перспектисінде жарияланғандай бұл төлемдерден басқа, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Түркістан қаласындағы әлеуметтік нысандардың құрылысын қаржыландыру үшін «Құрылыс салуға арналған Компания» коммерциялық емес корпоративтік қорына 2 000 млн. теңге төледі.

3. Компаниялар бойынша 2018 жылғы есеп (млн. теңгемен берілген)

Компания	Төлем түрі						Өзге	Барлығы
	КТС	ПҚӨС	Бонустар	ҮПС	Инфрақұрылымды жақсартуға төлемдер			
Қазатомөнеркәсіп ҰАК АҚ	13,012	7,909	147	5,597	591	1,360	28,616	
Инкай» БК ЖШС	4,121	3,192			11	1,245	8,569	
Қаратау» ЖШС	4,922	1,326			45	439	6,732	
Ақбастау» БК ЖШС	3,549	1,724			186	150	5,609	
Орталық» ӨК ЖШС	2,808	2,175	6		70	930	5,989	
Аппақ» ЖШС	1,611	1,668			36	365	3,680	
Казатомпром-Saigan ЖШС	417					349	766	
РУ-6 ЖШС	212					99	311	
БАРЛЫҒЫ	30,652	17,994	153	5,597	939	4,937	60,272	